

Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы БН-350 реакторын пайдаланудан шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 сәуір N 456

Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы БН-350 реакторын пайдаланудан қауіпсіз шығару жөніндегі шараларды уақтылы әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы шапшаң нейтрондардағы БН-350 реакторын (бұдан әрі - БН-350 реакторы) бөлшектеу және көму алдында реакторды консервациялап 50 (елу) жыл бойы ұстап пайдаланудан шығару жөніндегі Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі БН-350 реакторын пайдаланудан қауіпсіз шығарудың бірінші кезектегі шараларының жоспары мен жобасын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірлеп, бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі "КАТЭП" ашық акционерлік қоғамымен келісім бойынша бір айлық мерзімде Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Ядролық оқ-дәріні қайта өңдеу кезіндегі ынтымақтастық пен өзара айырысулар және оларды пайдалану туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) сәйкес ядролық материалдарды пайдаға асыру кезінде алынған ақшалай қаражаттың мөлшері туралы есепті дайындап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. 1999 жылы БН-350 реакторын қауіпсіз жағдайда ұстауға және пайдаланудан шығаруға байланысты 555 000 000 (бес жүз елу бес миллион) теңге мөлшеріндегі шығыстарды жабу Келісім бойынша алынған қаражаттың есебінен жүзеге асырылады д е п б е л г і л е н с і н .

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясы мен Америка Құрама Штаттарының Энергетика министрлігінің арасындағы "БН-350 ядролық материалдарын ұзақ мерзімді орналастыруға қатысты" 1997 жылғы 18 қарашадағы Атқарушы шартқа сәйкес жұмыстардың жекелеген бағыттары бойынша қаржыландыруды американ тарапы қамтамасыз ететінін ескере отырып, жобада белгіленген шығындарды негізге ала отырып, бұдан былайғы қаржыландыру жыл сайынғы сметалар бойынша жүзеге асырылсын.

5. БН-350 реакторын пайдаланудан қауіпсіз шығарумен байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті үйлестіру Қазақстан Республикасының Ғылым және

жоғары білім министрлігіне жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі, Ғылым және білім министрлігі жартыжылдықта бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне БН-350 реакторын пайдаланудан шығаруға байланысты жұмыстардың орындалуы туралы есепті ұсынып отыратын болсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.